

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 ақпандағы)

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 76 филиалдары мен 75 өкілдіктері бар. 2006 жылғы қаңтарда зейнетақы жарналарын тарту және жинақталған зейнетақы жарнасын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2006 жылғы қаңтарда 30 702 (0,4%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 7 644 071 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 30,15%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,16%, «ҰларҮміт» – 14,74%, «Валют-Транзит қор» - 8,87% және «БТА Құрмет-Қазақстан» – 7,78% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,70% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың қаңтар айында 60 (0,19%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 500,6 млн. теңгені құрап 32 396 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ-нан басқа қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 61,44%, «ҰларҮміт»- 18,62% және «Капитал» – 12,48% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,54% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 583, дербес зейнетақы шоттарда 18,7 млн.теңге болды. Қаңтар айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 286 (8,67%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.02.05ж.	01.02.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 015 472	7 644 071	628 599	8,96
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 234	32 396	2 162	7,15
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	2 894	3 583	689	23,81

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты қаңтарда 20 938 млн.теңгеге (3,23%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 669 519 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

(млрд.теңге)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.02.02 ж.	188,2	70,4	59,8
01.02.03 ж.	276,8	88,6	47,1
01.02.04 ж.	369,4	92,6	33,5
01.02.05 ж.	495,3	125,9	34,1
01.02.06 ж.	669,5	174,2	35,2

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 0,6 проценттік тармаққа ұлғайып 34,1% болды, ал 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда 1,1 проценттік тармаққа ұлғайып 35,2% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 175 572 млн. теңге немесе 26,22%, «МЖЗҚ» – 127 665 млн. теңге немесе 19,07%, «Ұлар Үміт» – 120 086 млн. теңге немесе 17,94%, «БТА Құрмет-Қазақстан» – 52 819 млн.теңге немесе 7,89% және «АБН АМРО КаспийМұнайГаз» – 46 658 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,97%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,09% келді.

2006 жылдың 1 ақпандағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) қаңтарда 12 048 млн. теңгеге (7,77%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 167 182 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%- пен	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.02.2002 ж.	51,7	18,1	53,87	27,47
01.02.2003 ж.	80,1	28,4	54,93	28,94
01.02.2004 ж.	95,5	15,4	19,23	25,85
01.02.2005 ж.	121,2	25,7	26,91	24,47
01.02.2006 ж.	167,2	46,0	37,95	24,97


Көрсетілген кестеде 2004 жылғы 1 ақпаннан бастап инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюуы және өсу қарқыны байқалады. Сонымен, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда 7,68 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 11,04 проценттік тармаққа ұлғайып 37,95% болды.

Таза инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтарда 12,0 млрд.теңге болғанын немесе 3,5 есеге өскенін атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 24,97% болды. 2005 жылғы қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 1,05 проценттік тармаққа өсті.

Қаңтар айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 10 430 млн. теңгеге (2,04%) өсіп, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 522 855 млн. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Ағымдағы жылы қаңтарда 74 млн.теңгеге немесе 1,91% өсіп, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 3 949 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері қаңтарда 1 498 млн.теңгеге (4,19%) өсіп, 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 37 282 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 37 154 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналар – 107 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналар – 0,34 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 21 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2006 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражаты 98 040 млн. теңге болды немесе 2006 жылғы қаңтармен салыстырғанда 1,7% өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗК» - 50,54%, «ҰларҮміт» - 12,67% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,26% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,48% немесе осы 4 қорға аударымдардың жалпы сомасының 79,95% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы қаңтарда 21 898 млн. теңгеге немесе 3,37%-ке өсіп 672 097 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 ақпан және 2006 жылғы 1 ақпан аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 15,6 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	ЖЗК	
	млн. теңге	%-пен
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	57 835	8,61
АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	46 716	6,95
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 119	1,66

"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	57 760	8,59
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 379	0,35
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 722	2,49
"СЕНИМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 762	4,28
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 897	1,47
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 027	1,94
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 027	1,94
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	32 754	4,87
"Валют-Транзит Қор" Жинақтаушы зейнетақы" АҚ	32 754	4,87
"АЛЬФА–ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 313	2,43
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 313	2,43
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	120 285	17,90
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	120 285	17,90
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 058	2,39
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 058	2,39
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	127 899	19,03
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	53 657	7,98
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	176 509	26,26
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	672 097	100,00

2006 жылғы 1 ақпанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 651 981 млн. теңге болды да, 2006 жылғы қаңтарда 17 039 млн. теңгеге немесе 2,68%-ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	205 230	31,49
ҚР еврооблигациялары	7 273	1,12
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	171 631	26,33
Ұлттық Банктің ноттары	26 249	4,03
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	77	0,01
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	118 359	18,15
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 757	0,58
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	32 156	4,93
Тазартылған алтын	1 111	0,17

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	271 360	41,62
акциялар	68 285	10,47
облигациялар, оның ішінде :	203 075	31,15
АҚШ долларына номинирленген	3 583	0,55
теңгеге номинирленген	198 418	30,43
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	19 721	3,02
акциялар	3 087	0,47
облигациялар	16 634	2,55
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	287	0,04
жиынтығы:	651 981	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфельдерінің үштен көп бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі алып отыр және 205 230 млн. теңге болды немесе 31,49% болды. 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда МБҚ көлемі 7 626 млн. теңгеге немесе 3,58%-ке өсті. 2005 жылы Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 11 339 млн. теңгеге немесе 4,36%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 6 019 млн.теңгеге немесе 5,36%-ке өсіп 118 359 млн. теңге болды.

2006 жылғы қаңтарда зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфельіндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,58% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфельіндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 жылғы қаңтарда 1,21%-ке азайып 32 156 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 3,02% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы қаңтардағы – 2006 жылғы желтоқсандағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 ақпанда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 19,37% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 13 886,7 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 210,8 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 44,7% болды. Жалпы алғанда 2006 жылғы қаңтарда меншікті капиталы 2 046,4 млн.теңгеге өсті.

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы көлемде өзгерістер болмады және қорлардың меншікті капиталы көлемінің 1 436,9 млн. теңге немесе 10,3% болды.

2006 жылғы қаңтарда барлық қорлар, «Валют-Транзит Қор» және «Капитал» қорларын қоспағанда, таза кіріс алды. 2006 жылғы 1 ақпанда кірістің жалпы сомасы «БТА Құрмет-Қазақстан» - 44,8%, «Қазақстан Халық Банкі»- 42,4%, «МЗЖҚ» - 5,1%, «СЕНІМ» - 3,6% және қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кіріс сомасының 95,9% болды.

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 657,5 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 4,5% болды.

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 9 350,2 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 67,3% болды. 2006 жылғы қаңтарда қаржы инвестицияларының көлемі 727,0 млн.теңгеге немесе 8,4%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 740,9 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 29,31%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 734,1 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 39,94%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 875,2 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 30,75%-ін орналастырды.